



KOZYBAYEV UNIVERSITY

Білім арзымайтын байлық - Знание - капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

№4(50), 30.04.2026

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

ҒЫЛЫМ-SCIENCE-НАУКА



КОЗЫБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 2026

В Kozubayev University состоялась Международная научно-практическая конференция «Козыбаевские чтения - 2026: экосистема будущего, синергия технологий и развития человеческого капитала», посвященная 95-летию выдающегося казахстанского ученого-историка, академика Манаша Козыбаева.

Козыбаевские чтения проводятся в маналитике, оценке качества воды, микробиологии и другими.

вузе с 2003 года и становятся площадкой обмена опытом ученых только нашей, но и других стран. На этот раз они организованы в Декаду науки. В конференции приняли участие эксперты, исследователи, педагоги, обучающиеся, научные и общественные деятели из Казахстана, Китая, Турции, России, Узбекистана. Всего поступило более 470 статей.

Поздравительные адреса направили министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, аким СКО Гауез Нурмухамбетов, стратегические партнеры из Университета Аризоны (США).

По традиции мероприятие началось с возложения цветов к памятнику М. Козыбаева, имя которого с 2003г. с гордостью носит университет. Далее гости ознакомились с научно-исследовательскими лабораториями Kozubayev Labs по агрохи-

На пленарном заседании выступили Ильяс Козыбаев - профессор, Заслуженный деятель РК, сын М.К.Козыбаева; Жаксылык Сабитов - директор Научного института изучения Улуса Джучи; Джанг Джолианг - профессор Северо-Западного университета ЛСХ Китая; Сауле Маликова – директор Северо – Казахстанского государственного архива и другие спикеры.

В своём докладе профессор Заркын Тайшыбай особо отметил значительный вклад Манаша Кабашевича в становление и развитие отечественной исторической науки. По словам учёного, Манаш Козыбаев заложил научные основы изучения истории Казахстана с позиции независимости и открыл путь к формированию нового направления, нацеленного на обновление исторического сознания.

(Продолжение на стр. 2)



КОЗЫБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 2026



(Начало на стр. 1)

«Мой отец ушёл из жизни 24 года назад, но воспоминания, которые он оставил, до сих пор живы в моей памяти. Он никогда не проявлял строгости. Мы равнялись на него, глядя на его поведение, человеческие качества и отношения с окружающими. Даже приходя уставшим с работы, он всегда уделял много внимания семье. Он особенно любил своих внуков и старался приучить их к труду, к работе. Для них он переводил русские сказки на казахский язык. До сегодняшнего дня его внуки не забыли заботу и тепло своего дедушки», - поделился воспоминаниями Ильяс Козыбаев - профессор, Заслуженный деятель РК, сын М.К.Козыбаева.

Далее состоялась церемония награждения ученых, ППС, сотруд-

ников и ведомственными и университетскими наградами, а также грамотами и благодарностями акимата СКО.

Работа конференции продолжилась в секционных заседаниях по математическим, естественным, социальным, правовым, экономическим, медицинским, педагогическим, техническим, сельскохозяйственным наукам, информационным системам в управлении, филологии, а также интеграции науки, технологий и образования в условиях глобального академического партнерства. В рамках чтения был заключен меморандум о сотрудничестве с общеобразовательной школой №23 г. Костанай, которая также носит имя Манаша Козыбаева.

На выставке «Тарихтың тарлан-



обучающихся бозы» участники смогли ознакомиться с наследием академика. Жизненный путь Манаша Кабашевича - пример долголетнего, добросовестного служения казахстанской науке. Он всегда оставался на принципиальных позициях: восстанавливать историческую правду, рассматривать любые события и процессы с позиции объективности, то есть без перегибов и фальсификаций в угоду политической конъюнктуры. Внес огромный вклад в формирование идеологии независимого Казахстана.

Международная конференция стала возможностью не только отдать дань уважения памяти выдающегося ученого, но и продолжить его дело, обогатив новыми исследованиями и открытиями.

ku.edu.kz

CHINA INTERNATIONAL EDUCATION EXHIBITION TOUR : ИТОГИ



Делегация Kozubayev University приняла участие в 31-й международной образовательной выставке CIEET в Пекине — одной из крупнейших площадок в сфере образования.

Университет представил свои программы, включая двудипломное обучение и международные научные проекты, вызвавшие интерес зарубежных партнёров. В рамках выставки прошли встречи с вузами Китая,

где обсудили академическую мобильность и развитие совместных инициатив.

Интерес со стороны иностранных абитуриентов и университетов, включая Китай и Алжир, подтверждает растущую привлекательность казахстанского образования. Участие в CIEET открыло новые возможности для международного сотрудничества, что очень важно для нашего вуза.

УНИВЕРСИТЕТТІК ҒЫЛЫМ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ТЕХНОПАРКТІҢ НЕГІЗІНЕ АЙНАЛАДЫ

Қытай халықаралық білім беру көрмесі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова бастаған делегацияның Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті өкілдерімен және Хэнань ауыл шаруашылығы инвестициялық тобының бас директоры Чэнь Хуайань жетекшілік еткен делегациясымен кездесуі өтті.

Кездесу барысында тараптар «Қазақстан-Қытай аграрлық технологиялар және экспорттық даму технопаркі» жобасының іске асырылу барысын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, ғылым және инновациялар саласындағы ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ғылыми әлеует экономиканы дамытуға тиімді қызмет етіп, нақты практикалық нәтиже беруі тиіс. Осы тұрғыда аталған жоба ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізуге және тұрақты агроиндустриялық экожүйе қалыптастыруға бағытталған.

Жоба аграрлық секторды кешенді дамытуды көздейді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру, селекция және тұқым шаруашылығын дамыту, механикаландыру, автоматтандыру және цифрландырудың заманауи технологияларын енгізу, жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді қолдану, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өндеуді дамыту, экспорттық тізбектерді кеңейту және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қарастырылған. Жобаны іске асыру азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, жаңа жұмыс

орындарын құруға, өңірлік экономиканы дамытуға және білікті кадрлар даярлауға ықпал етеді.

Аталған жоба – Орталық Азиядағы университеттің ғылыми әлеуетін, инвестициялық ресурстарды және Қытай тарапының озық технологияларын біріктіретін алғашқы кешенді аграрлық технопарк.

Бастама СҚО әкімдігінің және Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылады. Жобаның негізгі алаңы – Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, оның базасында ғылыми зерттеулер, тәжірибелік жұмыстар және мамандар даярлау жүргізілмек.

Жобаны іске асыруға негіз болған құжат – 2025 жылғы қарашада Бейжің қаласында СҚО әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов бастаған делегацияның Қытайға сапары барысында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум. Бірқатар елдердегі, соның ішінде Өзбекстан, Малайзия және Қырғызстандағы жағдайларға жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде қытай тарапы жобаны Солтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. Осы мақсатта қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген 61 гектар

жер учаскесі бөлінді.

Жоба екі кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде технопарк инфрақұрылымы мен ғылыми - өндірістік база құру жоспарланған. Қытайлық серіктес тарапынан инвестициялар көлемі шамамен 10 млн АҚШ долларын құрайды. Жалпы ауданы 35 мың шаршы метрге жуық нысандарды, оның ішінде ғылыми-зерттеу және әкімшілік ғимараттарды, жатақханаларды, қойма кешендерін, жылыжайларды және ауыл шаруашылығы техникасына арналған инфрақұрылымды салу көзделген. Сонымен қатар технопарктің құрылысы, басқарылуы және одан әрі дамуын қамтамасыз ететін бірлескен кәсіпорын құрылатын болады. Университет жобаға ғылыми сүйемелдеу көрсетіп, зерттеулер жүргізу, технологиялар әзірлеу, білім трансфері және мамандар даярлау жұмыстарын жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта жоба іске асыру кезеңінде және алдағы уақытта тараптар ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуді көздеп отыр. Бұл бастама Қазақстанның аграрлық секторын дамытуға және Қазақстан-Қытай стратегиялық әріптестігін нығайтуға елеулі үлес қосады.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.



ҰЛТ МҮДДЕСІН МІНБЕРДЕН ҚОРҒАҒАН ҚАЙРАТКЕР

«Біліммен қоса білік деген, азаматтықпен қоса кісілік деген ұғымдар бар. Халық соңғы екеуін алдыңғы екеуінен кем қадірлемейді. Өз басыңды күйттегенде қайсысына жүгіну өз еркін, ал ел мүддесін күйттегенде төртеуіне бірдей жүгіну шарт. Манаш Қозыбаев – осыны терең түсініп, қапысыз меңгергендіктен де саясатқа келген ғалым».

Ә. Кекілбаев



Ел тәуелсіздігінің алғашқы қадамдары оңай болған жоқ. Сол бір өтпелі кезеңде білім мен қайраткерлікті қатар ұстап, ұлт мүддесіне қызмет еткен тұлғалардың есімі қашанда ел есінде. Солардың қатарында көрнекті тарихшы, қоғам қайраткері Манаш Қозыбаевтың ойып алар орны бар.

Ғалымның кемелдену кезеңі ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасындағы қайта құру жылдарымен тұспа-тұс келді. Демократиялық үрдістердің бой көрсетуі, сөз бостандығының жандануы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін күшейген ұлттық сана – барлығы да қоғам алдында жаңа міндеттер қойды. Осындай күрделі кезеңде Манаш Қозыбаев тарихшы ғана емес, ұлт тағдырына алаңдаған қайраткер ретінде танылды. Ол тәуелсіздіктің өткені мен бүгінгіне, болашағына қатысты батыл пікір айтып, маңызды мәселелерді көтерді.

1990 жылдардың басы – ғалымның мемлекет қайраткері ретінде танылған кезеңі. Ол он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, елдік мәселелерді шешуге белсене араласты. Ғылым академиясы ұсынған беделді кандидаттардың қатарынан сайлануы – оның ғылыми әрі қоғамдық беделінің айқын көрінісі еді.

Депутат ретіндегі тұғырнамасында Манаш Қабашұлы саясат пен экономикалық дербестік, ұлттық мүдде, ғылым мен экология мәселелерін алдыңғы қатарға қойды. Ол ғылымды дамыту арқылы қоғамды жаңғырту қажет екенін терең түсінді.

Тәуелсіздік қарсаңындағы ең өзекті мәселелердің бірі – прези-

денттік басқару жүйесі еді. Осы тақырыпта мінберден алғашқылардың бірі болып пікір білдірген де – Манаш Қозыбаев. Ол президенттік институтты тек формальды емес, шынайы дербестікке қол жеткізген жағдайда ғана қажет деп санады. Оның пікірінше, президент – халық алдында жауапты, демократияны қорғайтын тұлға болуы тиіс. Білік шексіз болмауы керек, ал ел басшысы халыққа адал қызмет еткенде ғана сенімге ие болады.

Кеңестік кезеңде көмескі тартқан ұлттық тарихтың «ақтандақ» беттерін қайта қарау – тәуелсіздікке бастар маңызды қадамдардың бірі болды. Осы жауапты іске белсене араласқан тұлғалардың алдыңғы қатарында Манаш Қозыбаев тұрды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанынан құрылған идеологиялық комиссия құрамында еңбек еткен ғалым өткен ғасырдың 30–50-жылдарындағы саяси қаулыларды қайта саралауға атсалысты. «Қазақ зиялылары – ұлтшыл» деген біржақты айыптауларды ғылыми тұрғыда қайта қарап, әділ бағасын беруге күш салды. Нәтижесінде, ұзақ жылдар бойы бұрмаланып келген тарихи шындық қалпына келіп, Алаш қайраткерлері толық ақталды. Бұл – ұлт руханияты үшін орасан маңызы бар тарихи әділеттің орнауы еді.

Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтын басқарған жылдары да Манаш Қозыбаев ғылым мен қоғамдық қызметті ұштастыра білді. Ол тек зерттеуші емес, елдік мүдде жолында нақты шешімдер қабылдауға ықпал еткен қайраткер ретінде көрінді.

Ғалым-депутат ретінде де оның

еңбегі елеулі. 1990 жылдары қабылданған маңызды заң жобаларын әзірлеуге қатысып, олардың жүзеге асуына ықпал етті. Соның бірі – Қазақстанда президенттік басқару жүйесін енгізу туралы заң. Қызу пікірталастарға қарамастан, бұл тарихи шешім депутаттардың басым даусымен қабылданды.

Манаш Қозыбаевтың тағы бір маңызды қызметі – мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны әзірлеуге қатысуы. Ол бұл құжаттың мазмұнын халыққа түсіндіруде белсенділік танытып, ғылыми негізделген мақалалар жариялады. Декларация Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде дербестігін айқындап қана қоймай, жаңа саяси және экономикалық жүйенің негізін қалады. Ғалымның бұл еңбектері – ғасырлар бойғы азаттық күрестің заңды жалғасы еді. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасымен басталған ұлттық серпіліс тәуелсіздікке ұласса, сол жолда Манаш Қозыбаев сынды зиялы қауым өкілдерінің орны айрықша болды.

1990–1993 жылдар – Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуындағы шешуші кезең болды. Осы тарихи сәтте Манаш Қозыбаев егемен елдің құқықтық негізін қалауға белсене араласып, Конституция мен маңызды заңдардың қабылдануына зор үлес қосты.

Негізгі заң жобасын талқылау барысында ол тек қолдап қана қойған жоқ, кемшіліктерін ашық айтып, нақты ұсыныстарымен ерекшеленді. Ғалым ең алдымен құжатта қазақ мемлекетінің ұлттық сипаты толық көрініс таппағанын сынға алды. Оның пікірінше, тәуелсіз елдің Конституциясы ең алдымен ұлттық болмысты айқындауы тиіс еді.



Тіл мәселесінде де ол принципшіл ұстаным танытты. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақтылап, оның қолданылу аясын айқындау қажет екенін айтып, ұлттық тілдердің еркін дамуына мемлекеттік кепілдік берілуі тиіс деген ұсыныс білдірді.

Қозыбаевты алаңдатқан тағы бір мәселе – әлеуметтік құқықтардың әлсіреуі еді. Жаңа Конституция жобасында социализм кезеңінде қалыптасқан экономикалық және әлеуметтік кепілдіктердің шегерілуін сынға алған ол, әсіресе білім беру мен еңбек ету құқықтарының қорғалуы әлсіресе, қоғамда әлеуметтік теңсіздік пен жұмыссыздық күшеюі мүмкін екенін ескертті. Оның ұстанымы айқын болды: жаңа жүйе бұрынғы әлеуметтік кепілдіктерден бас тартпау, керісінше оларды дамытуы тиіс. Сонымен қатар, ол ұлттық кәсіпкерлікті қорғау мәселесінің назардан тыс қалғанын атап өтті. Заңда шетелдік емес, ең алдымен отандық кәсіпкерлерге қолдау көрсететін нақты тетіктер болуы керек деп есептеді.

Мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты да батыл пікір айтты. Шенеуніктердің мәртебесін арттырудан гөрі, қоғамның тірегі саналатын ғылым, білім және мәдениет салаларын қолдау маңызды екенін алға тартты. Ал қорғаныс саласында кеңестік әскери құрылымнан бас тартып, тәуелсіз елге сай жаңа армия құру қажеттігін атап өтті.

Тағы бір принципті мәселе – Конституция тілінің өзі еді. Заң жобасының алдымен орыс тілінде

жазылып, кейін қазақшаға аударылуын ол үлкен кемшілік деп бағалады. Ғалымның пікірінше, тәуелсіз мемлекеттің Негізгі заңы ең әуелі мемлекеттік тілде жазылуы тиіс.

1990–1992 жылдары Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі ретінде Манаш Қозыбаев ел тағдырына қатысты өткір мәселелерді депутаттық мінберден батыл көтерді. Ол осы кезеңде өзін ұлттың шынайы жанашыры, принципшіл қайраткер ретінде танытты.

Ғалым «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» әзірлеген комиссия құрамында болып, құжатты халық талқысына ұсыну, ұсыныстарды жинақтау, сараптау жұмыстарын жүргізуге белсене қатысты. Сонымен қатар мерзімді баспасөз арқылы Декларацияның тарихи мәнін түсіндіріп, қоғамның саяси санасының оянуына ықпал етті.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңесте «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң талқыланған сәтте Манаш Қозыбаев бұл тарихи шешімді кездейсоқ жетістік емес, ғасырлар бойғы ұлт арманымен сабақтас заңды нәтиже ретінде бағалады. Оның пікірінше, тәуелсіздік – Түрік қағанатынан бастау алатын мемлекетшілдік дәстүрдің жалғасы, талай күреспен келген тарихи әділет еді.

Сол бір шешуші кезеңде сессия отырыстары қызу пікірталаспен өтті. Тіл, жер, меншік, Конституция мәселелері қоғамдағы алақұлалықты да айқын көрсетті. Кейбір депутаттар әлі де сақтық танытып, тәуелсіз шешімдерге күмәнмен қарады. Осындай сәтте Манаш Қозыбаев ұлттық мүддені қорғауда тайсалмады.

Конституцияны қабылдауға ерте деген пікірлерге ол үзілді-кесілді қарсы шығып, қазақ ұлтының тарихи қалыптасқанын, оның мемлекет құруға толық құқы бар екенін ашық айтты. Отаршылдықтың зардабын тартқан халықтың ендігі тағдырына бөгет жасамауға шақырып, империялық көзқарастан арылудың қажеттігін батыл жеткізді.

Манаш Қозыбаев арқалаған депутаттық аманаттың салмағы оның нақты істерінен айқын көрінеді. Соның бірі – өткен ғасырдың ең қасіретті беттерін ашуға бағытталған комиссиялардағы қызметі.

1991 жылы құрылған Жоғарғы Кеңестің арнайы комиссиясы 1920–30 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарын терең зерттеді. Комиссия төрағасы ретінде Манаш Қозыбаев бұл жұмысты жүйелі ұйымдастырып, бұрын жабық болған мұрағаттарға жол ашты. Нәтижесінде 200 беттен асатын баяндама әзірленіп, онда сол кезең оқиғаларына алғаш рет тарихи әрі адамгершілік тұрғыдан әділ баға берілді. Ашаршылық құрбандарының саны нақтыланып, ұлттық қасіреттің шынайы ауқымы айқындалды.



Бұл қорытындылар 1992 жылы Жоғарғы Кеңесте қаралып, мемлекеттік деңгейде мойындалды. Соның негізінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» комиссия құрылып, оған Манаш Қозыбаев жетекшілік етті. Осылайша Қазақстан посткеңестік кеңістікте тоталитарлық жүйенің зардаптарын жан-жақты зерттеген алдыңғы елдердің біріне айналды.

(Соңы 6-бетте)

ҰЛТ МҮДДЕСІН МІНБЕРДЕН ҚОРҒАҒАН ҚАЙРАТКЕР

(Басы 5-бетте)

Ғалымның бастамасымен қуғын-сүргін құрбандары жерленген орындар анықталып, тарихи әділетті қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Алматы маңындағы Жаңалық ауылында жазықсыз атылғандардың сүйектері қайта жерленіп, мемориалдық кешеннің негізі қаланды.

Манаш Қозыбаевтың жетекшілігімен жарық көрген бес томдық «Азалы кітап» пен көптомдық «Боздақтар» – ұлт жадын жаңғыртқан іргелі еңбектер. Бұл – тек ғылыми жұмыс емес, халықтың тарихи санасын оятуға бағытталған үлкен миссия еді.

Осылайша тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Манаш Қозыбаев елдегі тарихи сананың жаңаша қалыптасуына, рухани кеңістіктің жаңғырып, дамуына, ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұтастықтың ныға-

юына айрықша үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігінің тарихын жаңаша пайымдаудың, отаршылдық пен кеңестік тоталитаризм кезеңдеріне тың концептуалдық тұрғыдан баға берудің бастауында тұрды. Сонымен қатар саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісін жүйелі түрде қолға алып, ұлттық жадыны қалпына келтіру жолында өлшеусіз еңбек сіңірді.

Ғалымның өз пайымымен айтсақ, заманның өзі тұлғаны шыңдайды, сынақтан өткізеді. Уақыт сынынан өткен азамат ғана көптің ішінен дараланып, ел тағдырының күрделі тұстарын терең түсіне алады. Сондай сәтте ол жұмсақты иіп, қаттыны бұзар қайратқа ие болып, ұлт мүддесіне қызмет етудің биік деңгейіне көтеріледі. Тарих та соны дәлелдейді: шынайы көшбасшы болу үшін талай белестен өту керек. Ұлттық мүддені ту ет-

кен тұлға тар шеңберде қалмай, өз ой-өрісін кеңейтіп, халықаралық деңгейде де танылуға ұмтылады.

Манаш Қозыбаевтың қоғамдық қызметі де оның ғылыми-ұйымдастырушылық және шығармашылық мұрасы секілді терең мазмұнға ие, салмағы зор. Өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін ол қайраткер ретінде де, халық қалаулысы ретінде де жауапкершілікті толық сезініп, алға қойған мақсат-міндеттерін абыроймен атқара білді. Осылайша ол ұлтының адал перзенті ретінде ел сенімін ақтап, Алаштың ардақты тұлғаларының қатарынан лайықты орын алды. Оның жарқын бейнесі мен артында қалған рухани мұрасы халық жадында мәңгі сақталары анық.

Гүлгүл Төлешева,
«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы.



ҒАЛЫМ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖЫР МЕН ӘУЕН

Мен ақын емеспін, бірақ бір қазақтай поэзияға жақындығым бар. Кейде сырымды да, мұңымды да, досқа айтылатын назымды да өлең арқылы жеткізгенді ұнатамын.

Менің осы өнерімді білетін достарым: «Өлеңіңді жина, жарыққа шығар» дегенді қашан. Алайда мен өлеңдерімді жинаған емеспін. Кейбір қағаздар арасында қалғандарын іріктеп, осы кітапқа беруді жөн көрдім. Менің кәсібі ақын еместігім...

(М.Қозыбаев. Жұлдызым менің. 159 бет)

Манаш Қозыбаев ең алдымен көрнекті тарихшы, академик ретінде танылғанымен, оның шығармашылық болмысы ғылым аясымен ғана шектеліп қалмайды. Оның тұлғасында ақындық пен

сазгерлік қырлар астаса өріліп, бірін толықтырып тұратын тұтас рухани әлем қалыптастырған. Ұлттық рух, ел тағдыры, тарихи жады сынды күрделі де терең тақырыптарға жаны алаң болған

Манаш Қабашұлы, өз сөзімен айтқанда, ішкі сырын, жүрек тебіренісін кейде өлең шумақтарына, кейде әуезді әуенге айналдырып жеткізген. Оның қаламынан туған жырлар – тек ой

толғау емес, жан сыры. Әсіресе зерттеуді қажет ететін рухани қазына, бір сөзбен айтқанда, жұмыстары ерекше әсерге бөленеді. бағы мол «ақ сандық». Оның де топтастырылған. Бұл еңбекте Замандастарына, отбасы мүшелеріне арналған шағын да мағыналы төрттағандары – оның адамдық жаңа қырынан танытып, рухани болмысы мен нәзік сезімінің әлемін тереңдете түседі.

Манаш Қозыбаевтың бұл қыры – көрген «Жұлдызым менің» атты әлі де толық ашылып болмаған, жинағында оның бірқатар

өлеңдерімен қатар, әуенге салып айтуға лайық көркем сөз өрнектері автордың жан дүниесі, сыршыл сезімі мен шығармашылық тынысы айқын аңғарылады. М. Қозыбаевтың жыр-әндерінің бір бөлігін назарларыңызға ұсынамыз.

Кәкімбек Салықұлына


Махаббатты, сұлулықты жырлайды,
Қайтқан құстың кетуін де қимайды.
Жез киіктің жез қанатын, жез қанатын,
Аққу құстың киелі үнін, киелі үнін,
Барша жанға, барша жанға сыйлайды.

Қайырмасы:

Армысың отанымның Кәкімбегі,
Бүгінгі Біржан салы, Ақан сері.
Жадырап жырға, батады сырға,
Той-думаншыл, той-думаншыл, қазақ елі.

Алыс жүрсе «сағынышын» жолдайды,
Күлім қаққан, көзбен атқан
Бикештерді, бикештерді ұмытуға болмайды.
Ескі досты құдіреттей қолдайды,
Өзі батыр, өзі ақын, өзі әнші,
Өзі сардар, өзі сарбаз, азамат,
Бір кісіге, бір кісіге сол қасиет қонбайды.

Қайырмасы



Біз қонақпыз!

Ертелі-кеш бұл өмірге келеміз,
Қайғы-қасірет, қуанышын көреміз.
Мәңгі жасар бұл өмірде ешкім жоқ,
Қара жерге бір күндерде енеміз.

Сен – қонақсың, мен де саған мейманмын,
Мен – жалғызбын, халқымменен орманмын.
Жалғыз басқа түскен істі көтеріп,
Досым үшін, халқым үшін толғандым.

Аман болсын елім, халқым, бауырым,
Ұлы Отан, қазақ жері, ауылым.
Амандықтың аясында асыр сап,
Тілейік те бұл өмірдің қайырын.

Қ
О
З
Ы
Б
А
Е
В
Т
Ы
Ж
Ы
Р
-
Ә
Н
Д
Е
Р
І
Н
І

Қостанай

Қостанай аңсап сені сағынамын,
Кәдеге керек болсам табыламын.
Ісіне ата-баба ел қорғаған,
Шақырып намысымды жарыламын.

Жұлдыз көкте жыпырлап,
Аязда қары сықырлап.
Үреді желі екпіндеп,
Тигендей жауға кикілжіп.

Ну болып өскен орманы
Көмкерген Тобыл өңірін.
Қостанай – елдің қорғаны,
Қостанай – менің өмірім.

Телегей теңіз көлдері,
Асқар-асқар белдері.
Жеке батыр туысым,
Қостанайдың ерлері.

Ауасы шипа, күні нұр,
Баласы батыр, қызы гүл.
Далада билеп егіні,
Тербеледі ән мен жыр.

Сараға

Сүйгенім сен Пішенбайдың Сарасы,
Балалардың сүйікті сен анасы!
Жиырма бестің екі басын көтеріп,
Солына бір, оңына бір қарашы.

Білім алып, білім беріп келесің,
Туысына сүйкімдісің, сенесің.
Қара табан болсаңдағы Сарашым,
Қара емес, ханзадасың, төресің!

Бойың кіші, дариядай ақылың,
Ісің үлкен, алпамсадай батырым.
Сен шабасың қанат байлап бойыңа,
Көп жүргенде ілбіп-мүлгіп, ақырын.

Күннің туды жаратылған ниеттен,
Қарсы алайық оны жақсы тілекпен.
Келші күнім жарық берген өмірге,
Құттықтайын сені қалқам жүректен.

Кетер бұл күн тағы өмірден үзіліп,
Үнсіз-түнсіз баянынан сызылып.
Тұрса болды келер күндер алдағы,
Қалың қолдай ұзақынан тізіліп.

БАБАДАН ШАБЫТ АЛҒАН ҰРПАҚ

«XXI ғасыр педагогикасындағы Абай мұрасы» атты педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған V Республикалық олимпиада биыл Қызылжар төрінде өтті. Бұл жолы шараны Қозыбаев университеті ұйымдастырды. Білім додасына жергілікті университетпен бірге Астана, Алматы, Семей, Қарағанды қалаларындағы жоғары оқу орындарының командалары бақ сынады. Зияткерлік сайысқа сегіз команда тартылып, отыздан астам жас педагогтердің кәсіби ойлауын дамытуға, ұлттық құндылықтарды қазіргі білім беру үдерісімен ұштастыруға бағытталды.



Аталған олимпиадада өткен жылы Өскемен қаласында өткен сайыста топ жарған Қозыбаев университеті құрамасы жеңімпаз атанған болатын. Сол жеңістің нәтижесінде биылғы республикалық деңгейдегі маңызды шара университет қабырғасында ұйымдастырылып, қатысушыларға тәжірибе алмасу мен шығармашылық әлеуетін көрсетуге кең мүмкіндік берілді. Дәстүрге сай, алаң иелері – университет командасы бұл жолы жарысқа конкурстан тыс қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.



**KOZYBAYEV
UNIVERSITY**

Олимпиада мазмұны қазақтың ұлы ойшылы, ақын-ағартушысы Абай Құнанбаевтың педагогикалық және рухани мұрасына негізделді. Абайдың «толық адам» ілімі, адамгершілік, білім мен тәрбие туралы ойлары бүгінгі жас ұрпақ үшін де өзектілігін жойған

жоқ. Керісінше, оның идеялары заманауи білім беру жүйесінде жаңа қырынан танылып, болашақ ұстаздарға бағыт-бағдар беріп отыр.

Білім мен өнерді, шығармашылық пен терең талдауды ұштастырған олимпиада екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар Абайдың педагогикалық көзқарастарын сахналық қойылымдар арқылы жеткізді. Тарихи және өмірлік оқиғаларға негізделген бұл көріністерде студенттер ақынның тәлім-тәрбиелік ойларын заманауи интерпретацияда ұсынды. Әрбір қойылымда актерлік шеберлікпен қатар, идеяның мазмұндық тереңдігі де жоғары бағаланды.

Екінші кезең «Толық адам» ілімін қазіргі педагог бейнесі ретінде» тақырыбына арналды. Бұл бөлімде студенттер TEDx форматында қысқа әрі нұсқа баяндамалар жасап, Абай ілімін бүгінгі мұғалімнің кәсіби және тұлғалық келбетімен байланыстырып түсіндірді. Қатысушылар сыни ойлау, шешендік қабілет және өз көзқарасын дәлелдеу тұрғысынан бақ сынасты.

Қазылар алқасы қатысушылардың теориялық дайындығына ғана емес, шығармашылық ізденісіне, жаңашылдығына және ұлттық мұраны заманауи тұрғыда игеру деңгейіне ерекше назар аударды. Қорытындысында Семей қаласындағы Шәкәрім университеті ко-

мандасы барлық кезеңнен үздік өтіп, жоғары шеберлігі мен кәсібилігін дәлелдеп, бас жүлде – 200 мың теңгені иеленді. Жеңімпаздар Абай мұрасын терең түсініп, оны қазіргі педагогикамен ұштастыра білгені үшін жоғары бағаланды.

Аталған олимпиада студенттердің білімін ғана емес, олардың рухани дүниесін байытып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырған маңызды алаңға айналды. Мұндай шаралар жас педагогтердің кәсіби қалыптасуына серпін беріп, Абай мұрасының мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

**Мерuert Ержанова,
«ЖЖӘҒ» кафедрасының
1-ші курс студенті.**



МАГИСТРАЛЬ БУДУЩЕГО: SERPIN WAY 2.0 СОЕДИНЯЕТ РЕГИОНЫ И ОТКРЫВАЕТ НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ



Команда Kozybayev University завершила масштабную образовательную экспедицию «SERPIN WAY 2.0» — проект, который за короткое время стал одной из самых заметных инициатив в сфере профориентации в Казахстане. За время маршрута участники преодолели более 6800 километров, превратив карту страны в живую линию диалога между университетом и будущими студентами.

С 31 марта мобильная команда в составе 24 человек — преподавателей, студентов, представителей карьерного центра и общественных деятелей — отправилась в путь по регионам Казахстана. Их цель была не просто информировать, а помочь школьникам и их родителям осознанно подойти к выбору профессии и образовательной траектории.

Маршрут охватил семь областей: Карагандинскую, Жетысускую, Алматинскую, Жамбылскую, Кызылординскую, Туркестанскую и Актюбинскую. За время экспедиции участники посетили 14 городов и 16 сельских населенных

пунктов — именно там, где доступ к качественной профориентации особенно ограничен.

Результаты впечатляют: около 120 мероприятий, более 13 тысяч школьников и свыше 1800 родителей стали участниками встреч, консультаций и интерактивных сессий. В центре внимания оказались не только общие сведения о поступлении, но и практические инструменты выбора профессии, понимание рынка труда и образовательных возможностей.

Отдельный акцент был сделан на государственной программе «Серпін», которая уже более десяти лет выполняет роль социального лифта для молодежи из регионов. Kozybayev University участвует в программе с 2014 года и за это время подготовил более 1400 специалистов, многие из которых уже успешно работают в разных сферах экономики страны.

Во время встреч школьникам представили подробную информацию о грантах, условиях поступления, современных образовательных программах и студенческой жизни. Особый интерес вызвали

двудипломные программы в партнерстве с University of Arizona, открывающие возможности получения международного образования. Также участникам рассказали о социальной инфраструктуре университета — в том числе о полном обеспечении иногородних студентов местами в общежитиях.

Проект «SERPIN WAY» реализуется университетом второй год подряд. Если в прошлом году по итогам экспедиции в вуз поступили более 130 студентов из южных регионов, то в 2025 году инициатива вышла на новый уровень — превратившись в устойчивую платформу прямого взаимодействия между молодежью и системой высшего образования. Идея показала свою важность для системы высшего образования!

«SERPIN WAY 2.0» сегодня — это не просто образовательный маршрут. Это символ равного доступа к возможностям, мост между регионами и университетами, а главное — реальный инструмент, который помогает молодым людям увидеть свою траекторию будущего более ясно и уверенно.



TOMORROW SCHOOL: ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ ИТ-СПЕЦИАЛИСТОВ

В Казахстане состоялось знаковое событие в сфере образования и цифровых технологий: при участии Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева и министра науки и высшего образования Саясата Нурбека одновременно были запущены 14 пилотных площадок проекта Tomorrow School. Инициатива открывает доступ к новому формату обучения примерно для 2000 студентов по всей стране.



Одной из ключевых образовательных площадок проекта стал Kozybayev University, который вошел в число вузов, внедряющих инновационную модель подготовки специалистов в сфере IT и искусственного интеллекта.

Tomorrow School представляет собой уникальную школу искусственного интеллекта, работающую по принципу реер-to-реер — обучения равных. Здесь традиционная система лекций и преподавательского объяснения заменена на совместную работу студентов, обмен знаниями и практическое решение задач. Основной акцент сделан на реальных кейсах из IT-сферы, программирования и технологий искусственного интеллекта.

Формат обучения отличается рядом ключевых особенностей. В первую очередь — отсутствием классической лекционной системы: студенты учатся через командное взаимодействие

взаимопомощь. Обучение проводится в оффлайн-формате и является бесплатным. При этом участникам доступен круглосуточный режим работы площадок, что позволяет гибко выстраивать собственный график. Важным преимуществом является то, что для поступления не требуется предварительный опыт в программировании.

Запуск Tomorrow School стал частью масштабной государственной стратегии по развитию искусственного интеллекта и цифровизации страны. Проект ориентирован на подготовку нового поколения IT-специалистов, способных работать с передовыми технологиями и создавать инновационные решения для различных отраслей экономики.

Для Kozybayev University участие в инициативе — это не только расширение образовательных возможностей, но и важный шаг в трансформации учебной среды.

Здесь студенты становятся активными участниками образовательного процесса, развивают навыки критического мышления, командной работы и приобретают компетенции, востребованные на современном рынке труда.

Сегодня цифровые навыки и знания в области искусственного интеллекта перестают быть дополнительным преимуществом и становятся необходимым условием профессиональной конкурентоспособности. Даже базовое владение IT-инструментами открывает новые карьерные перспективы и помогает быстрее адаптироваться к стремительно меняющемуся миру.

Tomorrow School уже сегодня формирует сообщество будущих специалистов, которые не просто осваивают технологии, а начинают создавать их сами — и именно в этом заключается главный смысл нового образовательного формата.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ВКЛАД KOZYBAYEV UNIVERSITY В ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ



По всей республике прошла масштабная экологическая акция «Таза Қазақстан» с участием Главы государства. Студенты Kozybayev University Амир Агзамов и Аружан Ермухан получили уникальную возможность лично принять участие в посадке деревьев вместе с Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым.

За два года инициатива «Таза Қазақстан» превратилась в мощное общенациональное движение, объединяющее людей вокруг важных ценностей: заботы об

экологии, чистоты и благоустройства окружающей среды.

Kozybayev University также активно поддержал акцию: руководство вуза, преподаватели и студенты совместно высадили около 60 деревьев на студенческой аллее. Среди них — ель, липа и сирень

Такие инициативы — это не просто вклад в озеленение, а важный шаг к формированию экологической культуры и ответственности за будущее нашей страны. Вместе мы создаём чистый, зелёный и устойчивый Казахстан!

ЧЕМПИОН ИЗ KOZYBAYEV UNIVERSITY: ӘДІЛЕТ МУРЗАШ ПОКОРИЛ КАЗАХСТАН

В городе Семей прошёл чемпионат Казахстана по казах күресі среди молодёжи, где собрались более 400 спортсменов со всех регионов страны.

На престижном турнире студент группы ФКС-23к кафедры «Физическая культура и спорт» Kozubayev University Әділет Мурзаш показал выдающийся результат и стал чемпионом Казахстана в весовой категории +100 кг.

В ходе соревнований Әділет провёл 5 схваток и во всех одер-

жал уверенные победы. В первом круге он с явным преимуществом победил представителя области Абай, а в последующих этапах продемонстрировал уверенную борьбу и вышел в финал.

В решающем поединке он встретился с палуаном из Жамбылской области и в напряжённой борьбе доказал своё мастерство, одержав победу и завоевав звание чемпиона Казахстана.

Поздравляем нашего студента с победой, ставшей ярким примером упорства и силы духа!



ЙОГА ПРОТИВ СЕССИИ: ПОМОГАЕТ ЛИ ОНА СПРАВИТЬСЯ СО СТРЕССОМ?



Во время экзаменов студенты сталкиваются с постоянной тревогой, недосыпом и перегрузкой. В поисках спокойствия всё больше из них обращаются к йоге. Но действительно ли дыхательные практики помогают справиться со стрессом, или это всего лишь модный тренд?

Йога всё чаще воспринимается не только как физическая активность, но и как способ борьбы со стрессом. За счёт работы с дыханием и вниманием она помогает снизить уровень кортизол и улучшить общее самочувствие. Практики вроде пранаяма позволяют быстрее успокоиться и сосредоточиться перед экзаменами. Однако эффект зависит от регулярности: йога не решает проблему дедлайнов, а лишь помогает легче переносить нагрузку. В условиях сессии это может стать простым, но полезным инструментом самопомощи.

Анастасия Грозная,
студентка группы Ж-24

ЖИТЬ - АКТИВНО!

В современном мире, где студенты проводят часы за ноутбуками, конспектами и гаджетами, малоподвижный образ жизни стал обыденностью, но эта привычка постепенно подтачивает здоровье изнутри, словно невидимый враг.

Метаболизм при малоподвижности замедляется, как старый двигатель: калории не сжигаются, лишний вес накапливается, а клетки становятся менее чувствительными к инсулину, открывая дверь для сахарного диабета второго типа. Пищеварение тоже даёт сбой — запоры, вздутие и проблемы с желудком становятся нормой, потому что кишечник не получает естественной стимуляции от ходьбы. Дыхание становится поверхностным, кровь хуже насыщается кислородом, а иммунная система слабеет, делая организм легкой мишенью для простуд и вирусов. Но самое коварное влияние — на пси-

хику. Без движения мозг получает меньше эндорфинов и серотонина, поэтому апатия, тревога, депрессия и проблемы с концентрацией внимания превращаются в ежедневных спутников. Студент, который весь день провел в четырех стенах, вечером чувствует не удовлетворение от выполненных задач, а пустоту и раздражение, и это не лень, а биология.

К счастью, организм — удивительная машина, которая способна восстанавливаться, если дать ему шанс. Достаточно простых изменений: каждые сорок минут вставать и делать пятиминутную разминку — потянуться, пройтись

по коридору, присесть пару раз. Ходьба на учебу вместо автобуса, вечерняя пробежка по кампусу или даже танцы под любимый плейлист в комнате — это уже серьезная инвестиция в здоровье. Университетские спортзалы, секции и просто прогулки с друзьями вместо очередного сериала в телефоне помогают не только телу, но и голове: улучшается сон, растет энергия и даже оценки могут подняться, потому что мозг работает лучше в активном режиме.

Мерей Жеңіс,
Мадина Хайрболды,
Акмарал Унгарова
студенты ФИЭП, И(о)-24к

«ПАРАСАТ»

газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес

акционерлік қоғамы.

БАСПАҒЕР:

«М. Қозыбаев атындағы КСҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің

«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,

№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 10 дана.

Тапсырыс №101.



Газета

«ПАРАСАТ»**СОБСТВЕННИК:**

Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени

Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика и социальные науки»

факультета истории, экономики и права НАО

«СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город

Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева,

дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат»,

parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт

№KZ73VPY00042947 выдано

Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.


Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 10 экземпляров.

Заказ №101.

НАШИ СТУДЕНТЫ – ЛУЧШИЕ В РЕСПУБЛИКЕ!

Студенты Семен Лабодрыга и Глеб Нос завоевали 1 командное место в XVIII Республиканской студенческой предметной олимпиаде по направлению «Специальная педагогика»!



Интеллектуальное состязание прошло на базе КРУ им. Ахмет Байтұрсынұлы в г. Костанай.

Ребята стали лучшими в конкурентной борьбе среди 14 команд из разных регионов страны. Соревнование проходило в два этапа: участники представили проектное задание «СоциоКвест», а также прошли тестирование на определение уровня теоретических знаний.

Наши победители на практике продемонстрировали высокий уровень профессиональной подготовки, мотивации, творческого потенциала и исследовательских навыков.

Глеб и Семен обучаются по двухгодичной образовательной программе «Специальная педагогика и инклюзивная практика», реализуе-

мой совместно со стратегическим партнером – Университетом Аризоны.

Достигнутый результат является еще одним подтверждением эффективности стратегии интернационализации университетов страны. Развитие партнерств и открытие совместных программ с ведущими мировыми вузами, дает ощутимые академические результаты и способствует подготовке конкурентоспособных специалистов.

Поздравляем студентов и их научного руководителя старшего преподавателя Бекболатову Б.Е. с этим значимым достижением! Желаем новых научных побед, вдохновения и успешной реализации самых смелых проектов!

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем

вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся

людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.